



Автор: Утеулина Кумусай Тулегеновна

Пән: Математика

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Уақыт түсінігін зерттеу

Тақырып: Уақытты анықтау

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.1.3.1 **шамаларды ажырату: уақыт; оларды өлшеуге қажетті әдістерді құралдарды таңдау; өлшеу 1.1.3.2 **өлшем бірліктерін қолдану арқылы шаманы өлшеу: сағат
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Сағат циферблатында уақытты анықтайды Оқушылардың басым бөлігі: сағаттың көмегі арқылы іс- әрекеттің басталуы мен аяқталуы арасындағы уақыт аралығын өлшейді Кейбір оқушылар:(минутпен немесе сағатпен) өз бетінше айта алады..
Тілдік мақсаттар:	Уақытты анықтау,сағат
Күтілетін нәтиже:	Уақыт ұғымын түсінеді.
Бағалау критерийлері:	Циферблат бойынша уақытты анықтайды. □ Уақыт өлшем бірліктерін (минут, сағат, күн, апта, ай) ажыратады
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Суреттер,сағат моделі. Интернет-ресурстар, білім ленд
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	Минут,сағат туралы ұғым

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Қайырлы күн досым, Қайырлы күн болсын. Жеті күннің бәрі де, Сәттілікке толсын. Біздің алар бағамыз, Кілең бестік болсын. Ширату жаттығу. "Миға шабуыл" әдісі. "Сағат" қорапшасында сұрақтар жазылады. Оқушылар қойылған сұрақтарға жеке планшетниктерге "Иә" немесе "жоқ" деп жауап береді. Уақыттың өлшем бірліктері арқылы оқушыларды топқа бөлемін. Сабақ тақырыбы, мақсаты хабарланады.Біз сағат бойынша уақытты анықтауды үйренеміз. Жұмбақ. Қозғалмастан бір елі, Түні бойы жүреді. (сағат) минутты 60 секундқа бөледі.	Уақыт өлшем бірліктеріне топқа бөлінеді Бейнеролик

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>Тыңдалым -айтылым. Оқулықпен жұмыс. “Уақыт” ұғымы табиғи және тарихи құбылыстардың- ауысып отыратынын білдіреді. Уақыт бір орнында тұрмайды. Ол еш нәрсеге қарамастан алға жылжи береді. Аспандағы Күн мен Айдың тұрған орнына қарап, Жердегі уақытты анықтаймыз. Тәулікті24 сағатқа, сағатты 60 минутқа, ал әрУақыт туралы ұғым : білім ленд ресурсыннан</p> <p>Сергіту сәті «Сағаттар биі» Қимылмен көрсетеді.</p> <p>Оқулықпен жұмыс. Достар киноға барды.Фильм күндізгі сағат 4-те басталды да,1 сағатқа созылды.Достар кино залдан сағат нешеде шықты? Өрнек түрінде жаз. $4+1=5$ Орындап көр.</p> <p>Жұптық жұмыс. Сағат моделін алып,сағаттық тілі 6,3,11,8,1,7,10 -ды көрсететіндей етіп жылжыт.</p> <p>(ЖЖ) Тапсырма №1 «Ойлан, талқыла» Уақытты анықта.</p> <p>Дескриптор. Оқушылар уақытты сағат тілдерінің орналасу сипатына қарап сәйкестендіреді. Бағалау: Сағат(сағат тілімен бағалау)</p> <p>Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау .</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/1-synyp/uaqyt-uaqyt-olshem-birlikteri?mid=ea115f90-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>
Сабақтың соңы	<p>Сабақ соңында жаңа білім мен тәжірибені қолдану. (сілтеме Імекнер)</p> <p>Топпен жұмыс: (сілтеме Імекнер)</p> <p>1-топ. "Дұрыс", "Дұрыс емес" жауап береді</p> <p>2-топ. "Сәйкес жалғасын табу"</p> <p>3-топ. "Артығын алып таста "</p>	<p>https://imektep.kz/kz/uakit-olshem-birlikteri</p> <p>https://imektep.kz/kz/game#true_false-1355</p> <p>https://imektep.kz/kz/game#choose_pair-1009</p> <p>https://imektep.kz/kz/game#recycle_bin-1010</p>
Рефлексия	<p>Рефлексия . Бағалау</p> <p>Топты бағалау.(Отшашу арқылы) Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)</p> <p>«Жетістік баспалдағы» кері байланыс. «Жетістік баспалдағына» өз бағаларын апарып жапыстыру.</p>	<p>Жетістік баспалдағы</p>